

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№ 365

2018 жылғы 10 желтоқсан

**Облыстық мәслихат аппаратының
құрылымы және штат кестесі, қызмет
автомашиналарының лимиті туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 8-бабының 3-тармағының 4) тармақшасына және «Мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыскерлер санының бірыңғай салааралық нормативтерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы №1002 бұйрығына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес, жеке еңбек келісім-шарттары бойынша облыстық мәслихат аппаратының жұмыс істеуін қамтамасыз етуші және техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырушы, қызметкерлер лауазымдарының тізбесі, құрылымы, штат кестесі бекітілсін.

2. Қызметтік жеңіл автокөлікке лимит саны екі бірлік болып белгіленсін.

3. «Облыстық мәслихат аппаратының құрылымы және штат кестесі, қызмет автомашиналарының лимиті туралы» облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 8 желтоқсандағы №233 шешімі күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Ә. САРМАНОВА

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

2018 жылғы 10 желтоқсандағы №365
облыстық мәслихаттың шешіміне
1-қосымша

**Ақтөбе облыстық мәслихаты аппаратының
Қ Ұ Р Ы Л Ы М Ы**

Босатылған негізде жұмыс істейтін депутат

№	Лауазымдар атауы	Бірлік саны
1.	Облыстық мәслихаттың хатшысы	1
	Барлығы:	1

Әкімшілік мемлекеттік қызметшілер

№	Лауазымдар атауы	Бірлік саны
1.	Облыстық мәслихат аппаратының басшысы	1
2.	Облыстық мәслихат аппараты басшысының орынбасары	1
3.	Облыстық мәслихат аппаратының бас инспекторы	2
4.	Облыстық мәслихат аппаратының бас маманы	2
	Барлығы:	6

**Облыстық мәслихат
аппаратының басшысы**

Т.Айтқалиев

2018 жылғы 10 желтоқсандағы №365
облыстық мәслихаттың шешіміне
2-қосымша

**Облыстық мәслихат аппаратының
ШТАТ КЕСТЕСІ**

№	Лауазымдар атауы	Бірлік саны
1.	Облыстық мәслихаттың хатшысы	1
2.	Облыстық мәслихат аппаратының басшысы	1
3.	Облыстық мәслихат аппараты басшысының орынбасары	1
4.	Облыстық мәслихат аппаратының бас инспекторы	2
4.	Облыстық мәслихат аппаратының бас маманы	2
	Барлығы:	7

2018 жылғы 10 желтоқсандағы №365
облыстық мәслихаттың шешіміне
3-қосымша

**Облыстық мәслихат аппаратының жұмыс істеуін қамтамасыз етуші
және техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырушы,
қызметкерлер лауазымдарының
ТІЗБЕСІ**

№	Лауазымдар атауы	Бірлік саны
1.	Басшының хатшысы	1
2.	Қабылдау бөлмесінің меңгерушісі	1
3.	Есеп және көшіру-көбейту техникасымен жұмыс бойынша оператор	1
4.	Іс жүргізу бойынша инспектор	1
	Барлығы:	4

**Облыстық мәслихат
аппаратының басшысы**

Т.Айтқалиев